



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық
есептілік (аудит жүргізілмеген)**

2021 жылғы 30 маусым

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	1-2
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	4
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп	5-6

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі	7
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері	8
3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар	9
4 Сегменттер бойынша ақпарат	13
5 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары	16
6 Негізгі құралдар	18
7 Пайдалану және жалдау міндеттемелері түріндегі активтер	19
8 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар	20
9 Өзге де ұзақ мерзімді активтер	20
10 Тауар-материалдық қорлар	21
11 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек	21
12 Өзге де қысқа мерзімді активтер	22
13 Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	23
14 Капитал	23
15 Қарыздар	23
16 Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	26
17 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	26
18 Түсім	26
19 Сатудың өзіндік құны	27
20 Сату бойынша шығындар	27
21 Жалпы және әкімшілік шығындар	28
22 Қаржылық табыстар	28
23 Қаржылық шығындар	29
24 Табыс салығы бойынша шығындар	29
25 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	29
26 Өділ құн туралы ақпаратты ашу	31
27 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	32
28 Бір акцияның теңгерімдік құны	33



Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолу тексеру бойынша есеп

«САМРҰҚ-ЭНЕРГО» АҚ Акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне»

Кіріспе

Біз «САМРҰҚ-ЭНЕРГО» (бұдан әрі – «Компания») АҚ және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – «Топ») 2021 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептемеге, жәнеде жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталған үш және алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы есепке, жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталған алты ай аралығына тиісті капиталдағы өзгерістер туралы есепке және ақша қаражаттарының қозғалысы жөнінде есепке, сондай-ақ түсіндірме ақпараты бар ескертпелерден тұратын қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілігіне шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалуына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолу тексеру негізінде осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілік туралы пікірімізді білдіруден тұрады.

Шолу тексеруінің көлемі

Біз шолу тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудитор жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі» Халықаралық шолу тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолу тексеруі сауалнама алудан, ең алдымен, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарға жауапты адамдардан, жәнеде сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолу тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолу тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болғанына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Сондықтан, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

Қорытынды

Біздің жүргізген шолу тексеру нәтижесінде, осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің, барлық елеулі аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмағанын көрсететін ештеңе біздің назарымызды аудартады.

PricewaterhouseCoopers LLP

2021 жылғы 6 тамыз
Алматы, Қазақстан

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	2021ж. 30 маусым		Ескертпе (аудит жүргізілмеген) 2020 ж. 31 желтоқсан	
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі құралдар	6	711,705,116		731,640,116
Инвестициялық меншік		51,558		247,283
Материалдық емес активтер		3,420,751		3,570,398
Пайдалану құқығы түріндегі актив	7	2,622,775		3,137,624
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	8	68,509,607		60,611,199
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	9	44,567,683		13,667,103
Барлық ұзақ мерзімді активтер		830,877,490		812,873,723
Қысқа мерзімді активтер				
Тауар-материалдық қорлар	10	11,964,065		11,674,146
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	11	29,113,296		37,660,312
Өзге де қысқа мерзімді активтер	12	14,576,089		12,308,536
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,371,054		1,294,554
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	13	14,535,969		9,893,878
Барлық қысқа мерзімді активтер		71,560,473		72,831,426
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		902,437,963		885,705,149

Басшылық атынан 2021 жылғы 6 тамызда қол қойылған.

Өкімбаева Әйгүл Ермекбайқызы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 тең басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	2021ж. 30 маусым		2020 ж. 31 желтоқсан
	Ескертпе (аудит жүргізілмеген)		
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	14	376,045,927	376,045,927
Өзге резервтегі капитал	14	125,244,634	125,168,047
Бөлінбеген пайда		4,903,373	(11,882,206)
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		506,193,934	489,331,768
Бақыламайтын акционерлер үлесі		1,387,211	1,243,868
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		507,581,145	490,575,636
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві		2,901,983	3,227,678
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		1,452,172	1,508,353
Қарыздар	15	223,424,754	208,645,370
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	16	3,927,609	3,952,150
Ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері	7	1,443,678	1,696,109
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		78,410,275	78,743,252
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		311,560,471	297,772,912
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві		440,070	196,296
Қарыздар	15	47,371,344	55,307,806
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		170,141	177,689
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	17	27,394,349	35,772,454
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек		4,840,205	4,557,802
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер	7	772,905	1,106,004
Төлеуге бөлінген табыс салығы		2,307,333	238,550
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		83,296,347	97,356,601
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		394,856,818	395,129,513
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		902,437,963	885,705,149
Бір жай акцияның баланстық құны	28	90,000	86,937

Басшылық атынан 2021 жылғы 6 тамызда қол қойылған.

Өкімбаева Әйгүл Ермекбайқызы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 тең басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі»
 департаментінің директоры – Бас
 бухгалтер

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)
Түсім	18	156,352,756	134,770,330	69,780,222	52,632,959
Сатылымдардың өзіндік құны	19	(114,245,614)	(103,360,789)	(55,320,350)	(47,129,153)
Жалпы пайда		42,107,142	31,409,541	14,459,872	5,503,806
Сату бойынша шығындар	20	(4,591,168)	(4,781,623)	(1,609,188)	(1,109,883)
Жалпы және әкімшілік шығындар	21	(6,135,719)	(8,347,324)	(2,808,255)	(5,426,526)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табыстарындағы үлес және құнсыздану	8	7,970,871	5,774,997	1,397,789	6,406,749
Активтердің (құнсыздану шығындары)/құнсыздануын қалпына келтіру (таза)		(610,914)	122,234	(610,124)	106,593
Қаржылық табыстар	22	1,030,126	1,092,977	562,472	1,189,461
Қаржылық шығындар	23	(14,970,939)	(15,736,209)	(7,676,678)	(7,724,104)
Өзге табыстар		1,055,531	1,014,264	548,440	632,352
Өзге шығыстар		(58,380)	(3,618,206)	(82,255)	(3,544,547)
Салық салғанға дейінгі пайда/(залал)		25,796,550	6,930,651	4,182,073	(3,966,099)
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(5,625,485)	(3,259,521)	(1,564,928)	(560,178)
Кезеңдегі пайда/(залал)		20,171,065	3,671,130	2,617,145	(4,526,277)
Өзге де шығындар жиынтығы/(залал) Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		76,587	(323,536)	105,376	(209,017)
Кезеңдегі барлық жиынтық пайда/(залал)		20,247,652	3,347,594	2,722,521	(4,735,294)
Тиесілі пайда:					
Топ акционерлеріне		20,027,722	3,739,459	2,551,354	(4,372,678)
Бақыланбайтын үлеске		143,343	(68,329)	65,791	(153,599)
Кезеңдегі пайда/(залал)		20,171,065	3,671,130	2,617,145	(4,526,277)
Тиесілі барлық жиынтық кіріс/(залал):					
Топ Акционерлеріне		20,104,309	3,415,923	2,656,730	(4,581,695)
Бақыламайтын үлеске		143,343	(68,329)	65,791	(153,599)
Кезеңдегі барлық жиынтық кіріс/(залал)		20,247,652	3,347,594	2,722,521	(4,735,294)

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Топ акционерлеріне тиесілі				Бақылмай- тын үлес	Барлық капитал
		Акционер- лік капитал	Өзге де резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлығы		
2020 ж. 1 қаңтардағы қалдық		373,314,888	127,357,014	(16,823,598)	483,848,304	1,168,066	485,016,370
Кезеңдегі пайда/(залал) (аудит жүргізілмеген)		-	-	3,739,459	3,739,459	(68,329)	3,671,130
Өзге жиынтық залал (аудит жүргізілмеген)		-	(323,536)	-	(323,536)	-	(323,536)
Барлық жиынтық пайда/(залал) (аудит жүргізілмеген)		-	(323,536)	3,739,459	3,415,923	(68,329)	3,347,594
Акциялардың эмиссиясы		2,731,039	(1,500,000)	-	1,231,039	-	1,231,039
Жарияланған дивидендтер		-	-	(3,066,231)	(3,066,231)	-	(3,066,231)
2020 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудит жүргізілмеген)		376,045,927	125,533,478	(16,150,370)	485,429,035	1,099,737	486,528,772
2021 ж. 1 қаңтардағы қалдық		376,045,927	125,168,047	(11,882,206)	489,331,768	1,243,868	490,575,636
Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген)		-	-	20,027,722	20,027,722	143,343	20,171,065
Өзге жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	76,587	-	76,587	-	76,587
Барлық жиынтық пайда (аудит жүргізілмеген)		-	76,587	20,027,722	20,104,309	143,343	20,247,652
Жарияланған дивидендтер	14	-	-	(3,242,143)	(3,242,143)	-	(3,242,143)
2021 ж. 30 маусымдағы қалдық (аудит жүргізілмеген)		376,045,927	125,244,634	4,903,373	506,193,934	1,387,211	507,581,145

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Салық салынғанға дейін түскен пайда		25,796,550	6,930,651
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		27,529,382	28,973,534
Негізгі құралдар және пайдалану құқығы түріндегі активтер істен шығуынан болған залал		37,843	4,034
Қаржы емес активтерін құнсызданудан түскен залалдар		13,471	3,427,633
Қаржы активтерін қалпына келтіруден түскен залалдар/(пайда)		610,914	(122,234)
Қаржылық шығындар	23	14,970,939	15,736,209
Қаржылық табыстар	22	(1,030,126)	(1,092,977)
Бірлескен кәсіпорандар мен қауымдасқан ұйымдардың кірістеріндегі үлес	8	(7,970,871)	(5,774,997)
Өзге де түзетулер		89,092	(207,765)
		60,047,194	47,874,088
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Дебиторлық берешектің және өзге де ағымдағы активтердің азаюы/(артуы)		922,551	(3,814,636)
Тауар-материалдық қорлардың артуы		(261,576)	(1,849,797)
Кредиторлық және өзге де қысқа мерзімді берешектің азаюы		(5,218,666)	(3,969,355)
Қызметкерлердің сыйақысы бойынша берешектің азаюы/(артуы)		12,858	(185,808)
Бюджетке төленетін салықтар мен өзге де төлемдер бойынша берешектің азаюы		155,177	63,952
		55,657,538	38,118,444
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат			
Төленген табыс салығы		(4,015,575)	(3,217,671)
Төленген пайыздар		(11,649,966)	(11,785,397)
Алынған дивидендтер		72,457	93,599
		40,064,454	23,208,975
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Негізгі құралдарды сатып алу		(36,012,840)	(23,903,438)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(174,349)	(91,230)
Негізгі құралдарды сатудан алынған ақшалай қаражат		4,252	9,487
Борыштық құралдарды (облигацияларды) сатудан алынған ақшалай қаражат		192,300	192,300
Эмитенттердің облигацияларды өтеуі		159,481	-
Алынған пайыздық кіріс		532,859	459,564
Банк депозиттерді таза ақшалай қаражатты (орналастыру)/ шығару, таза		(84,356)	1,179,567
Алуға шектеу қойылған таза ақшалай қаражатты шығару		-	14,072
Дебиторлық берешекті жинауы - «Тауба Инвест» ЖШС		-	193,601
Өзге төлемдер		-	24,590
		(35,382,653)	(21,921,487)

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы қысқартылған шоғырландырылған аралық есеп (аудит жүргізілмеген)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай (аудит жүргізілмеген)
Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы			
Қарыздардар түсімі		86,447,698	46,371,918
Қарыздарды өтеу		(82,821,403)	(50,366,168)
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		-	-
Қаржылық жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу		(351,050)	(430,536)
Акционерге төленген дивидендтер		(3,242,143)	-
Бақыламайтын акционерлерге төленген дивидендтер		(50,658)	(195,151)
Банк комиссиясын төлеу		-	(30,557)
Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақшалай қаражат		(17,556)	(4,650,494)
Ақшалай қаражатқа және оның баламаларына валюта айырбастау курсының өзгеруінің ықпалы		(19,776)	326,003
Ақшалай қаражаттың құнсыздануына резерв		(2,378)	3,661
Ақшалай қаражаттың таза артуы/(азаяуы)		4,642,091	(3,033,342)
Кезең басындағы ақшалай қаражаттары:	13	9,893,878	12,007,037
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттары:	13	14,535,969	8,973,695

Берілген ескертпелер осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес компаниялары (бұдан әрі бірлескен атауы «Топ») үшін 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айға арнап ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылғы 18 сәуірде құрылған және 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасының энергетикалық кешені кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылған.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қоғамның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы тарабы болып табылады.

Негізгі қызмет

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіру, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су және жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу және пайдалану, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар», және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі заңдарымен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түрлеріне байланысты тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 160 «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен және кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге белгіленген тарифтер тіркелген және ЖЭК технологиясына қарай (жел, күн және басқа электр станциялары үшін өз алдына бөлек) ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 «Тіркелген тарифтерді бекіту туралы» қаулысымен бекітілген, сондай-ақ жыл сайын индекстеуге жатады. Мұның үстіне есептеу-қаржы орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге белгіленген тарифтер мен энергиямен жабдықтауға (ЭЖ) бөлінген тарифтерді Комитет реттейді. Комитет реттеу мен бақылау жасауды заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдерге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің де ықпалы тиеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге салалардағы іс-қимылдары мен шешімдерінің Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін.

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б Блок.

Операциялық орта

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етіп отыр және сол әсерін жалғастыра бермек. 2021 жылғы 30 маусымда шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 427.89 теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңге).

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі (жалғасы)

Басшылық ағымдағы жағдайда Топ қызметінің тұрақтылығы мен табысының өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді. Болашақтағы экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжам-үміттерінен өзгеше болуы мүмкін.

Коронавирустық инфекция COVID-19

«Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан Топ ұжымы қызметкерлерінің арасында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған барлық қажетті шаралар жүргізілуде. Солардың қатарында төмендегідей шаралар қабылданды:

- Топ кәсіпорындарында күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтау.
- коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау қажеттілігіне қатысты коммуникациялық шаралар ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыс қызметтің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз етіп, өндірістік қуатты сақтауға мүмкіндік берді. Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шығарылу күнінде COVID-19-ға байланысты жағдай әлі де жалғасуда, дегенмен бүгінгі күні Топтың кірісі мен жеткізіліміне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Топ есепті кезеңде өз міндеттемелерін орындады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

2021 жылдың 30 маусымда аяқталған алты айға арналған осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзетулер енгізе отырып бастапқы құн бойынша бағалау қағидасымен ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды. Аралық қаржы есептілігі әдетте жылдық қаржылық есептілікке енгізілетін барлық ескертпелерді қамтымайды. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС сәйкес дайындалған Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге танысуға жатады. Осы қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері табыс салығын есептеуді қоспағанда, соңғы қаржы жылына арналған есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есептік саясаттың ережелеріне сәйкес келеді.

Аралық кезеңге арналған табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының есептік орташа қолданыстағы мөлшерлемесіне негізделеді.

Операциялардың маусымдығы

Топтың қызметі маусымдық ауытқуға сезімтал. Электр энергиясын беру көлемінің, жылу және электр энергиясын өндірудің ауытқуы қазан айынан сәуір айына дейін созылатын жылыту кезеңімен байланысты.

Сонымен қатар, Топ жүргізетін жөндеу мен қызмет көрсету маусымдық ауытқуларға ұшырауы мүмкін. 2021 жылдың екінші жартысында техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының едәуір көлемі орындалады деп күтілуде, бұл Топтың шығындарын, энергоблоктардың тоқтап қалуын және электр энергиясын өндіру деңгейінің төмендеуін едәуір арттырады.

Айырбастау курсы

2021 жылғы 30 маусымда шетел валютасында көрсетілген қалдықты аудару үшін пайдаланылған айырбастау курсы 1 АҚШ доллары 427.89 теңгені құрайды (2020 ж. 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары 420.91 теңге).

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері еті (жалғасы)

Үздіксіз қызмет қағидасы

Басшылық бұл қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті тұрақты негізде дайындады. Басшылықтың шешімі Топтың қаржылық жағдайына, оның қазіргі ниеттеріне, операциялардың табыстылығына, қаржылық ресурстарға қолжетімділікке және мемлекеттік қолдау көрсетуге негізделген. 2021 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 11,735,874 мың теңгеге асты.

Топтың таяу болашақта жұмысын жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мынадай факторлар ескерілді:

- Топ Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие. Басшылықтың және Топ акционерлерінің Топтың қызметін жоюға ниеті де, оған қажеттілігі де жоқ.
- Топтың 5,841,514 мың теңге мөлшерінде ағымдағы міндеттері Алматы қаласының әкімшілігі алдындағы қарызы бітімгершілік келісім бойынша ақша қаражатының жұмсалуды талап етпейді.
- 2021 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың жаңартылатын кредиттік желі аясында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 79.7 миллиард теңге, «Ресей Жинақ Банкі» АҚ ЕБ-тен жалпы сомасы 14 миллиард теңге, сондай-ақ Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕБ-тен жалпы сомасы 6 миллиард теңге игеруге несие алуға мүмкіндігі бар.
- Күрделі шығындарға кететін қаражатты шегергенде, 2021 жылдың екінші жартысында Топ операциялық қызметтен кем дегенде 51,188,049 мың теңге мөлшерінде ақша ағымын күтеді.

Осы қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтер мен міндеттердің баланстық құнының, кірістер мен шығындардың, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыруға мүмкін емес болған жағдайда қажет болатын қаржылық есеп туралы шоғырландырылған есептік жіктелуінің түзетулерді жоқ, бұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар

Қысқартылған шоғырландырылған аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топ қолданылған есеп саясатына және есеп берілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалар мен болжамдарды пайдаланады. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар табыс салығы бойынша резервтерді есептеуді және жаңа және түзетілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің бар-жоғын және гудвилден бөлек активтер немесе активтер топтары үшін өткен кезеңдерде танылған құнсыздану шығыны белгілерінің бұдан былай болмайтынын немесе азайғанын бағалайды. Мұндай кез келген белгі анықталған жағдайда басшылық сату шығындары мен пайдалану құнын шегергендегі оның әділ құнының шамасының ең көбі ретінде анықталатын активтің өтелетін бағасын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларға негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау мәліметтері мен кәсіби пайымдарды қолдануды талап етеді.

Қаржылық активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметтің, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерінің тоқтатылуын және пайдалану шарттарының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдаулар мен бағаларды пайдалануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес, құнсыздану белгілерінің бірі болып Топ қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда немесе актив сатылуы тиіс нарықта кезең ішінде болған немесе алдағы уақыттарда күтілетін, Топ үшін жағымсыз салдарлары бар маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Активтің өтелетін құнын бағалаған кезде Топ бағаларды қолданады және пайым жасайды. Бағалаулар мен пайымдар тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесі мен басқа факторларға, оның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір пайымдарды пайдаланады.

COVID-19-дың таралуы мен әсерін тежеуге бағытталған көптеген қабылданған шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектейді және бизнеске, нарық қатысушыларына, топ клиенттеріне, сондай-ақ белгісіз уақыт кезеңі ішінде Қазақстан мен әлемдік экономикаға теріс әсер етеді және теріс әсер ете береді. Тиісінше, олар болашақ ақша ағындарын азайтуға немесе операциялық және өзге шығындарды ұлғайтуға, сондай-ақ Үкімет экономиканы қолдау мақсатында электр энергиясына тарифтерді реттеудің сипатына әсер етуі мүмкін.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ басшылығы «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі «ЕГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі «АЖК»), «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі «АлЭС»), «Тегіс Мұнай» ЖШС (бұдан әрі – «ТМ») еншілес компанияларының және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі «СЭГРЭС-2») бірлескен кәсіпорнының негізгі құралдарының құнсыздану белгілеріне талдау жүргізілді, талдау ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануына» сай жүргізілді.

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде төмендегідей негізгі фактілер мен жорамалдар пайдаланылды:

- еншілес компаниялардың есепті кезеңдегі экономикалық тиімділігінде теріс өзгерістердің болмауы;
- несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердегі және ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесіндегі өзгерістер елеусіз;
- еншілес компаниялар үшін белгіленген кезең ішінде болған немесе жақын болашақта орын алуы мүмкін жағымсыз салдары бар елеулі өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді келешекте болжамдық өсуі;
- ҚР Энергетика министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы №108 бұйрығына сәйкес 2021 жылғы 1 сәуірден бастап Топтың барлық энергия өндіруші ұйымдары үшін (бұдан әрі – «ЭӨҰ») пайда нормасын айқындау әдістемесі шеңберінде рентабельділік нормасын ескере отырып, барлық ЭӨҰ үшін электр энергиясына шекті тарифтерді ұлғайту;
- Электр энергетикасы саласына қатысты заңнамадағы оң өзгерістер 2021 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілетін жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі - "ЖЭК") пайдалануды қолдауға арналған "толассыз" үстемеақы тетігін іске асыру арқылы ЖЭК электр энергиясын сатып алу бойынша ЭӨҰ шығыстарын жабуды қамтамасыз етеді;
- Халықаралық талдау агенттіктерінің деректеріне сәйкес Brent маркалы мұнайдың бес жылдық кезеңге арналған бағасының оң болжамы.

ЭГРЭС-1 нысанына қатысты құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспардың асыра орындалуы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді келешектегі болжамды өсуі, сондай-ақ қолда бар қуат есебінен жеті блокпен жұмыс істеу режиміндегі электр энергиясын өткізу көлемінің болжамды ұлғаюы;
- ҚР Энергетика министрлігімен инвестициялық келісім жасалды және «жаңа электр сүзгілерін орната отырып, №1 Энергия блогын қалпына келтіру» инвестициялық жобасын іске асыруды аяқтау үшін тартылатын қарыз қаражатын жыл сайын қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында 2025 жылдан бастап электр қуатының өзіндігін қолдау бойынша қызметтерге жеке тариф белгіленді;
- Электр энергиясын босату тарифінің елеулі түрде – 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 5.80 теңге/кВтс-тан 7.25 теңге/кВтс-қа дейін және 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 7.47 теңге/кВтс-қа дейін ұлғаюы.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ нысанына қатысты құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған қосымша фактілер мен жорамалдар:

- 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша қызметтің негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері бойынша жоспардың асыра орындалуы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймағында электр энергиясына сұраныстың орта мерзімді келешекте болжамды өсуі, сондай-ақ 2026 жылдан бастап № 3 энергия блогын пайдалануға енгізу есебінен электр энергиясын сату көлемінің болжамды ұлғаюы;
- Электр энергиясына босату тарифінің айтарлықтай өсуі – 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 9.13 теңгеден/кВтс-тан 9.69 теңгеге/кВтс-қа дейін және 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 10.16 теңгеге/кВтс-қа дейін.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жүргізілген талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізу күніне құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Тиісінше, Топ басшылығы 2021 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың және ЭГРЭС-2 бірлескен кәсіпорнының негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест жүргізу шешімі қабылдады. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша басшылық тест нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту

ҚР Президентінің атмосфераға шығарындыларды азайту үшін шаралар қабылдау туралы тапсырмасын орындау мақсатында топ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - "ТЭН") әзірлейді. Жобаның бірінші кезеңінде қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, ЖЭО-2-ні жаңғыртудың төрт нұсқасы қаралды: қолданыстағы қазандықтарды газ жағуға көшіру, қолданыстағы қазандықтарды газ тазалау жабдығын орнату арқылы реконструкциялау, ЖЭО-2-ні бу-газ қондырғыларын салуға және табиғи газға көшпе-ақ қосымша газ тазалау жабдығын орнату арқылы кеңейту және газбен жаңа станция салу.

2020 жылы сату құны мен қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын салыстыру нәтижесінде қолданыстағы қазандықтарды газ жағуға ауыстыра отырып, қайта құрудың бірінші нұсқасы таңдалды. 2021 жылы осы нұсқа бойынша "Мемсараптама" РМК-ның теріс қорытындысы алынды.

2021 жылғы 31 мамырда Премьер-Министр А.Ұ. Мамин бастаған ҚР Үкіметі Алматы 2 – ЖЭО алаңында қуаты 600 МВт бу-газ қондырғысын (бұдан әрі-ПМУ) салу жөніндегі ұсынысты мақұлдады. Кешенді ведомстводан тыс сараптама бойынша қорытынды ала отырып, жобаның ТЭН-ін түзету мерзімі 2021 жылдың соңына дейін белгіленіп отыр.

Премьер-Министр сондай-ақ "Самұрық-Энерго" АҚ-ға ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Алматы ЖЭО-2 алаңында газ пайдаланылатын ПМУ салу жобасын қаржыландыру үшін банктік қарыз тарту, оның ішінде газ инфрақұрылымын жүргізу бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Премьер-Министр Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ-мен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына электр қуаты нарығының тетігі арқылы экологиялық жағдайды шешуге бағытталған қолданыстағы энергия өндіруші ұйымдарға жобаларды іске асыру мүмкіндігін беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені пысықтауды тапсырды. «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына енгізілетін Түзетулер жобасы Үкіметпен келісу қорытындысы бойынша ҚР Парламентінің Мәжілісіне 2021 жылғы қыркүйекте қаралу үшін ұсынылатын болады. Заңнамаға енгізілетін өзгерістер Топқа қарыз қаражатын қайтаруды және электр қуаты нарығының тетігі есебінен болашақта инвестицияның өтелуін қамтамасыз ететін болады.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, қазіргі уақытта жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспары жасалмады, сондай-ақ мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар ТЭН-нің болмауына байланысты қаржыландыру көздері мен заңнамалық базаны өзгерту де айқындалмай отыр.

Сондай-ақ, ПМУ салынған жағдайда ЖЭО-2 негізгі құралдарының 50 пайыздан астамы пайдаланыста қалады, ал қалған негізгі құралдар, мысалы, қазандықтың, турбиналық және отын-көлік цехының технологиялық жабдықтары газбен жабдықтауда бөгеліс болған немесе ұзақ жөндеу салдарынан ПМУ жұмысын тоқтатқан жағдайда резервте болады. ЖЭО-2 қолданыстағы активтерін жұмыс жағдайында ұстау шығыстары ағымдағы шығыстарға жатқызылады және электр энергиясына жұмсалатын тариф есебінен өтелетін болады.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ЖЭО-2 теңгерімдік құны шамамен 50 миллиард теңгені құрайды.

Талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізілген күні негізгі құралдардың құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Газ өндірудің басталу мерзімі – Тегіс Мұнай

Табиғи газ өндіру 2024 жылы басталады деп болжануда және газ өндірудің 65% - ы 2024 жылдан бастап жыл сайын экспортқа жіберілетін болады деген болжам бар. Газ өндірудің басталу мерзімін ауыстыру келісімшарттық аумақтың Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағының аумағына кіретіндігімен байланысты, онда аумақты қорық аймағының құрамынан шығарғанға дейін кен орнын жайластыру және игеру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады. Қазіргі уақытта уәкілетті мемлекеттік мекемелер келісімшарттық аумақты шығаруды ескере отырып, қорық аймағының шекарасын кеңейту жұмыстарын жүргізуде.

Осыған байланысты, Тегіс Мұнай ҚР Энергетика министрлігіне (бұдан әрі – «ҚР ЭМ») өндіру кезеңінің басталуын созу, газ өндіру үшін кен орнын жайластыру, жұмыс бағдарламасының орындалу мерзімін және келісімшарттық қолданылу мерзімін ауыстыру қажеттілігі туралы өтінім білдірді, өйткені келісімшарттық аумақты шығару мәселесі әлі шешілген жоқ.

2020 жылғы қыркүйекте ҚР ЭМ-нің жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясы қаржыландыруға қатысты міндеттемелерді ауыстыру туралы шешім қабылдады - оқыту; - ФЗТҚЖ; -өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, бұл ретте жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша инвестициялық міндеттемелер бойынша жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу бөлігінде бас тарту жасалды, оның негізінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда келісімшартқа №1 қосымша келісімге қол қойылды.

2020 жылғы 3 желтоқсанда Тегіс Мұнай ҚР Жоғарғы сотына жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша инвестициялық міндеттемелер жөніндегі жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізу бөлігінде ҚР ЭМ-нен бас тартуды заңсыз деп тану туралы өтініш жіберді. 2020 жылғы 30 желтоқсанда Тегіс Мұнай "Атамекен" ҰКП құрамына кіретін "Қазақстанның сыртқы сауда палатасы" ЖШС-нен еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағаны туралы куәлік алды, бұл Тегіс Мұнай келісімшарттық аумақты қорық аймағынан шығарғанға дейін жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындай алмайтынын және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізе алмайтынын растайды. Еңсерілмейтін күш мән-жайы келісімшарттық аумақ қорық аймағынан шығарылғанға дейін қолданылады.

2021 жылғы қаңтарда жоғарыда көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайларын тану туралы куәлікті қоса бере отырып, ҚР ЭМ-не өтініш жолданды. 2021 жылғы маусымда ҚР ЭМ сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша еңсерілмейтін күш мән-жайларын тану туралы мәселені қараусыз қалдырды, себебі бұл мәселе Энергетика министрлігінің құзыретіне жатпайды.

2021 жылға арналған жұмыс бағдарламасы міндеттемелерінің орындалмауына байланысты Тегіс Мұнай кәсіпорнына 466.5 млн. теңге көлемінде айыппұл салу мүмкін. Алайда, Тегіс Мұнай басшылығы айыппұлды төлеу тәуекелі орташа деңгейден төмен деп санайды, өйткені жұмыс бағдарламасының міндеттемелерін орындамау еңсерілмейтін күш жағдайымен байланысты және Тегіс Мұнайдың әрекеттеріне тәуелді емес.

Балқаш ЖЭС

2019 жылдың 29 қазанында Топ өтемақы алып, Samsung C&T міндеттеме сомасын төледі және «Балқаш ЖЭС»-тің АҚ (бұдан әрі «БЖЭС») 50% + 1 акциясын алды. Топтың 100% үлесін сатып алу сәтінде БЖЭС банкроттық шегінде болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмаған. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім берушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігі салдарынан бірнеше рет сотқа берген, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкеп соқты, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді.

Карантиндік іс-шаралардың енгізілуін және ұлттық экономиканы қолдау бойынша мемлекет қабылдаған шараларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі №443 «Банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру туралы» қаулысымен мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығын тану туралы сотқа арыз беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру туралы бұйрық шығарылды, соған байланысты БЖЭС банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша БЖЭС-ті тану туралы сот талқылауы несие берушілердің шағымдану құқығына байланысты әлі толық шешілген жоқ, сондықтан басшылықтың пікірі бойынша Компанияның бақылау құқығы жоқ әрі БЖЭС-ке салынған инвестиция толығымен құнсызданды.

3 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Әкімшілік алдындағы берешек

2009 жылы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК») Алматы қаласының әкімдігімен (бұдан әрі – «Әкімдік») АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешекті өтеу туралы сот процесіне қатысты. 2014 жылдың 14 ақпанында АЖК мен Әкімдік АЖК-ның Әкімдік алдындағы берешекті реттеу тәртібі туралы бейбіт келісімге қол қойды, бұл ретте, АЖК басқалармен қатар, Әкімдіктің коммуналдық меншіктегі және сенімгерлікпен басқарудағы электр желілерін меншікке қабылдауға, ал Әкімдік АЖК-ның берешегін есептен шығаруға міндеттенеді. 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бейбітшілік келісімі аясында алдағы жылдар ішінде жүргізілген барлық төлемдерді ала отырып, АЖК-ның Әкімдік алдындағы 5,841,514 мың теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсан: 5,841,514 мың теңге). 2021 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша, электр желілерін меншікке қабылдау аяқталған жоқ. Топ бұл міндеттеме төлемдерден бастылғанда, яғни бейбітшілік келісім тараптары барлық әрекеттерді орындаған сәтте, атап айтқанда Әкімдіктен электр желілерін меншікке қабылдаған сәтте аталған міндеттемені тануды тоқтатады және міндеттемелерді есептен шығарудан алған табысты таниды. Сонымен бірге, Топ 5,841,514 мың теңге сомасындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түскен пайданы таниды.

4 Сегменттер бойынша ақпарат

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын құрамдастарды білдіреді. Мұның үстіне, олар түсімді қозғалысқа келтіре алады немесе шығындармен байланысты бола алады. Сегменттердің операциялық нәтижелерін жоғарғы жедел басқару органы тұрақты түрде талдайды, операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат бар. Жоғарғы жедел басқару органына ресурстарды бөліп, компания қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе бір топ адам өкіл бола алады. Жоғарғы жедел басқару органының функцияларын Топ Басқармасы орындайды.

Жоғарғы жедел басқару органы талдайтын сегменттік қаржылық ақпарат түсім және салық алынғанға дейінгі пайда туралы ақпараттан тұрады. Жоғарғы жедел басқару органы сонымен қатар Топтың EBITDA туралы ақпаратын да талдайды. Ол қаржылық пайда/залал, пайдаға салынатын салықтар бойынша шығыстар, негізгі құралдардың тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдардың және инвестициялық меншіктің құнсыздануы, гудвилдің құнсыздануы, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардағы табыстар / (шығындар) үлестерінің құнсыздануы, сондай-ақ басқа осыған ұқсас нәтижелерге дейінгі кезеңдегі пайда/залалдар) және осыған ұқсас әлерлер ретінде есептеледі. Топ бойынша пайыздар, салықтар мен амортизациялық аударымдардың шегенгенге дейінгі табысты анықтау жүйелілігі (EBITDA) басқа компаниялар пайдаланатын жүйеден өзгеше болуы мүмкін.

(а) Әрбір есептік сегменттің сатудан түсім алатын өнімдері мен қызметтерінің сипаттамасы

Топ үш негізгі операциялық сегмент аясында қызмет атқарады:

- Жылу энергиясын және электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын жеткізу және тарату;
- Электр энергиясын сату.

(б) Операциялық сегменттер қызметінің нәтижелері

Жоғарғы жедел басқару органы әр сегмент қызметінің нәтижелерін түсімді және салық алынғанға дейінгі пайданы бағалау арқылы бағалайды.

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Барлығы	
	аяқталған 6 ай		аяқталған 6 ай		аяқталған 6 ай		аяқталған 6 ай		аяқталған 6 ай	
	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.
Қазақстандық мың теңгемен	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым
Сегменттің жалпы табысы-Электр энергиясын сату	101,859,718	78,939,506	-	-	60,171,384	51,288,419	-	-	162,031,102	130,227,925
Сегмент ішіндегі табыс	(37,586,137)	(28,491,152)	-	-	(391)	(349)	-	-	(37,586,528)	(28,491,501)
Сыртқы түсім -Электр энергиясын сату	64,273,581	50,448,354	-	-	60,170,993	51,288,070	-	-	124,444,574	101,736,424
Жылу энергиясын сату	10,388,357	9,749,820	-	-	-	-	-	-	10,388,357	9,749,820
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	13,844,205	15,514,371	-	-	-	-	-	-	13,844,205	15,514,371
Жаңартылатын энергия көздерін жалдаудан алған табыс	2,565,699	2,813,466	-	-	-	-	-	-	2,565,699	2,813,466
Сегменттің жалпы табысы-Электр энергиясын беру	-	-	22,579,946	19,985,931	-	-	-	-	22,579,946	19,985,931
Сегмент ішіндегі табыс	-	-	(20,348,528)	(17,972,013)	-	-	-	-	(20,348,528)	(17,972,013)
Сыртқы түсім -Электр энергиясын беру	-	-	2,231,418	2,013,918	-	-	-	-	2,231,418	2,013,918
Инвестициялық мүлікті жалдаудан алған табыс	-	-	-	-	-	-	1,956,694	2,084,572	1,956,694	2,084,572
Химиялық суды сату	883,787	756,379	-	-	-	-	-	-	883,787	756,379
Өзге барлығы	890,824	101,380	-	-	-	-	521,202	622,643	1,412,026	724,023
Сегмент ішіндегі табыс – өзге	(852,802)	-	-	-	-	-	(521,202)	(622,643)	(1,374,004)	(622,643)
Сыртқы түсім – өзге	38,022	101,380	-	-	-	-	-	-	38,022	101,380
Сыртқы түсімнің барлығы	91,993,651	79,383,770	2,231,418	2,013,918	60,170,993	51,288,070	1,956,694	2,084,572	156,352,756	134,770,330

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

	Электр энергиясын және жылу энергиясын өндіру		Электр энергиясын жеткізу және тарату		Электр энергиясын сату		Өзге		Сегмент ішіндегі операциялар		Барлығы	
	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2020 ж.
	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым	30 маусым
Қазақстандық мың теңгемен												
Сатудың өзіндік құны	(93,306,148)	(81,329,568)	(17,284,042)	(15,676,636)	(61,398,501)	(52,427,858)	(283,782)	(417,693)	58,026,859	46,490,966	(114,245,614)	(103,360,789)
- Амортизацияны қоспағанда	22,980,772	24,561,067	3,872,857	3,938,146	125,130	129,306	224,788	345,015	2	-	27,203,549	28,973,534
Сату бойынша шығындар	(4,591,168)	(4,781,623)	-	-	-	-	-	-	-	-	(4,591,168)	(4,781,623)
Қаржылық шығындар	(8,183,412)	(7,923,571)	(645,081)	(798,387)	(151,290)	(156,020)	(11,674,294)	(12,111,685)	5,683,138	5,253,454	(14,970,939)	(15,736,209)
- Пайыздар бойынша шығындарды қоспағанда	3,998,729	4,738,065	309,757	389,021	128,052	125,242	6,849,793	6,713,614	(399,729)	-	10,886,602	11,965,942
Қаржылық табыстар	2,025,076	2,674,290	54,289	15,686	37,311	30,885	4,338,841	4,159,400	(5,425,391)	(5,787,284)	1,030,126	1,092,977
Бірлескен кәсіпорындарда және қауымдасқан компанияларда табыс үлесі және инвестициялардың құнсыздануы	-	-	-	-	-	-	7,970,871	5,774,997	-	-	7,970,871	5,774,997
Қаржылық емес активтердің құнсыздануы	(20,540)	(281,633)	-	-	-	-	-	(3,146,000)	-	-	(20,540)	(3,427,633)
Күрделі шығындар	(33,105,722)	(15,066,333)	(2,431,895)	(8,640,471)	(65,443)	(26,802)	(55,133)	(169,832)	90,285	-	(35,567,908)	(23,903,438)
Есептік сегменттің активтері	696,059,161	704,388,971	138,703,069	134,290,662	15,909,097	13,637,643	152,148,112	660,161,731	(100,381,476)	(629,400,204)	902,437,963	883,078,803
Есептік сегменттің міндеттемелері	252,742,754	261,913,516	37,907,651	40,899,482	23,025,275	16,207,520	187,004,875	213,766,282	(105,823,737)	(136,236,769)	394,856,818	396,550,031

4 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(в) Кезеңдегі түзетілген EBITDA-ны кезеңдегі салық салынғанға дейін түскен пайдамен тексеру

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2021 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай	2020 ж. 30 маусымда аяқталған 6 ай
Кезеңдегі түзетілген EBITDA	58,990,581	48,200,053
Тозу және амортизация	(27,203,549)	(28,973,534)
Қаржылық кірістер	1,030,126	1,092,977
Қаржылық шығыстар	(14,970,939)	(15,736,209)
